

Бөкей ордасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 қазандағы № 12-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қазанда № 4940 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 сәуірдегі № 2-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 24.04.2023 № 2-2 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабына, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 98 "Батыс Қазақстан облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3914 тіркелген, 2015 жылғы 26 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) сәйкес Бөкей ордасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімінің қосымшасына сәйкес Бөкей ордасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Бөкей ордасы аудандық мәслихатының аппарат басшысы (А.Хайруллин) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия торағасы
Мәслихат хатшысы*

*Н.Тажмұратов
Е.Таңатов*

Бөкей ордасы аудандық
мәслихатының
2017 жылғы 10 қазандағы №12-5
шешіміне қосымша

Бөкей ордасы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Объектінің түрі	Есептік бірлік	м ³ /жыл
1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,1
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және тағы сол сияқтылар	1 орын	1,13
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,13
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,4
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,22
6.	Емхана	1 адам	0,04
7.	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек - орын	2,06
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,13
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,16
10.	Театрлар, кинотеатрлар, мәжіліс залдары, түнгі клубтар, ойын-сауық орталықтары	1 орын	0,2
11.	Мұражай, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,8
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,13
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
14.	Дүкендер, супермаркеттер, базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,8
15.	Халыққа қызмет көрсету орталықтары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,22
16.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,44
17.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобильдерге жанармай құю бекеттері, гараждар	1 машина - орын	0,11

18.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,11
19.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,23
20.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13
21	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13
22.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,26
23.	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	0,8

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

м² - шаршы метр;

м³ – куб метр.